



ZAN GER

Gazet 2017 jylдың қаңтар айынан
bastap shyғady
Газета издаётся с января 2017 года

№4 (98) - сәуір/апрель 2025 жыл/года

Respublikalyq askeri-quyqytq gazet / Республиканская военноправовая газета

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ БІТІМГЕРЛІК КОНТИНГЕНТІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
ҰЛТТЫҚ БІТІМГЕРЛІК ҚҰРАМ
САПЫНДА ТАБЫСТЫ ҚЫЗМЕТ
АТҚАРЫП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУҒА
ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ОФИЦЕР-
ЛЕРМЕН ЖӘНЕ САРБАЗДАР-
МЕН КЕЗДЕСТІ. ПРЕЗИДЕНТ
ЕЛІМІЗГЕ ЖҮКТЕЛГЕН ЖА-
УАПТЫ МІНДЕТТІ ЖОҒАРЫ
ДЕҢГЕЙДЕ АТҚАРЫП КЕЛГЕН
ӘСКЕРИЛЕР ЕРЛІК ПЕН БА-
ТЫЛДЫҚТЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН
КӨРСЕТКЕНІН, СОЛ АРҚЫЛЫ
ҰЛТТЫҚ АРМИЯМЫЗДЫҢ,
ТҰТАС МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ
БЕДЕЛІ КӨТЕРІЛГЕНІН АТАП
ӨТТІ.

– Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, - деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Президенттің айтуынша, еліміздің Қарулы Күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы



бір тарихи қадам жасағанын айтты.

– Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, - деді Президент.

Жоғарғы Бас қолбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға сай құрал-жабдықтармен түгел қамтамасыз ету үшін сапалы жұмыс атқарылды.

– Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқақ

рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде меңгерген жаңа дағдыларды еліміздің әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды, - деді Мемлекет басшысы.

Қазір еліміздің 158 азаматы Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

– Қарулы Күштер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мүлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия – қайсарлыққа баулитын, жігерді жанитын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін

көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз – өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасақтар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жүлдемен оралған күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі едәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қояда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда босаңсуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, - деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

– Заң мен тәртіп, отаншылдық пен жауапкершілік – әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына

ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, - деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

– Қазақта «Ердің ісі – елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрсіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айбыны арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! - деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.



**ЗАЩИЩАЛИ МИР
И СПОКОЙСТВИЕ**

**КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ
ШАҚЫРУ БАРЫСЫ
БАЯНДАЛДЫ**

**ҒАСЫР ЖАСАҒАН
АРДАГЕР**



ПОВЫШАТЬ БОЕВУЮ ПОДГОТОВКУ

ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ МИНИСТРА ОБОРОНЫ СОВЕРШИЛ РАБОЧУЮ ПОЕЗДКУ В КАРАГАНДИНСКИЙ ГАРНИЗОН.

Генерал-лейтенант Султан Камалетдинов посетил ряд военных объектов,



проверив подготовку к учебно-методическому сбору и военной коллегии. При посещении военных объектов начальник Генерального штаба проинспектировал их материально-техническое обеспечение, особое внимание уделив подготовке личного состава, условиям размещения военнослужащих, состоянию инфраструктуры, техники и вооружения.

Он также подчеркнул важность неуклонного повышения уровня боевой подготовки, дисциплины и профессиональной выучки командного состава.

По итогам рабочей поездки первый заместитель министра обороны дал ряд конкретных поручений, направленных на повышение эффективности организации боевой учебы и улучшение обеспечения войск. Кроме того, обратил внимание на приоритетные направления деятельности по укреплению обороноспособности региона.

**Фархат КИНЖИТАЕВ,
Алмагуль ДАРМАНКУЛОВА
(фото)**

ОБСУДИЛИ ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ



В ВОЕННО-ИНЖЕНЕРНОМ ИНСТИТУТЕ РАДИОЭЛЕКТРОНИКИ И СВЯЗИ ПРОШЛО ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ КОНСУЛЬТАТИВНО-СОВЕЩАТЕЛЬНОЙ ГРУППЫ НАЧАЛЬНИКОВ

ЮРИДИЧЕСКИХ СЛУЖБ АЛМАТИНСКОГО РЕГИОНАЛЬНОГО ГАРНИЗОНА С УЧАСТИЕМ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ МАЙОРА РАУАНА САУРЫКА.

На заседании обсуждались актуальные вопросы правового обеспечения деятельности воинских частей и подразделений. Особое внимание уделено проблемным моментам, требующим оперативного реагирования и совместных усилий юридических служб.

- Совместное обсуждение правовых вопросов позволяет нам держать руку на пульсе и оперативно решать возникающие проблемы, - отметил начальник юридической службы военного института подполковник Бауыржан Кененбаев.

Подобные сборы позволяют не только обмениваться опытом и вырабатывать единые подходы к решению юридических задач, но и повышать профессиональный уровень специалистов.

СОВМЕСТНЫМИ ДЕЙСТВИЯМИ



В ТАРАЗЕ, В УЧЕБНОМ ЦЕНТРЕ БОЕВОГО ПРИМЕНЕНИЯ БЕСПИЛОТНЫХ ЛЕТАТЕЛЬНЫХ АППАРАТОВ СИЛ ВОЗДУШНОЙ ОБОРОНЫ ВС РК, СОСТОЯЛОСЬ УЧЕНИЕ ПО ПРОТИВОПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ. ОНО ПРОШЛО ПО ПЛАНУ СОВМЕСТНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ И МЧС РК. ТРЕНИРОВКА ПРОВОДИЛАСЬ В УСЛОВИЯХ, МАКСИМАЛЬНО ПРИБЛИЖЕННЫХ К РЕАЛЬНОМУ. ПО ЛЕГЕНДЕ УЧЕНИЯ, ВОЗГОРАНИЕ ПРОИЗОШЛО В АНГАРЕ, ГДЕ ХРАНИТСЯ ВОЕННАЯ ТЕХНИКА.

Старт учениям дал сигнал тревожного колокола. Одновременно информация о пожаре поступила на телефоны дежурных служб. Так состоялось оповещение о возгорании, и уже через минуты к месту условного пожара были стянуты силы военных и спасателей.

Первыми к ликвидации условного возгорания приступила штатная пожарная команда воинской части. К операции быстро подключились расчеты соседней части, а также силы Департамента по чрезвычайным ситуациям Жамбылской области. В короткое время на территории учебного центра развернулось большое количество

спецтехники.

За ходом учений наблюдали представители руководства воинской части и ДЧС Жамбылской области. Действия всех служб были скоординированы и оперативны, что



подтвердило высокий уровень подготовки военных и спасателей.

От Департамента по ЧС Жамбылской области учение возглавили первый заместитель начальника Департамента полковник гражданской защиты Азат Абдразаков и начальник Управления организации пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС области полковник Мансур Шайкрамов. По итогам учения ими были даны рекомендации по совершенствованию совместной

работы при пожаротушении.

- Хотя в части строго соблюдаются меры пожарной безопасности, важно быть готовыми к любым нештатным ситуациям. Учение стало полезным как для нашей воинской части, так и для пожарных расчетов соседнего подразделения и сотрудников ДЧС, - подчеркнул начальник Учебного центра боевого применения БПЛА полковник Шохан Мусабеков. - Совместная отработка алгоритмов действий позволила на практике закрепить навыки тушения пожара в экстренных условиях.

Подобные тренировки являются важной частью обеспечения безопасности. Совместные действия позволили проверить готовность всех служб к оперативному реагированию в случае угрозы пожара, отработать действия в экстренных ситуациях и минимизировать риски в реальных условиях.

В ходе учения руководители Учебного центра БПЛА и Департамента по ЧС области смогли проверить не только технику и снаряжение, но и координацию между подразделениями. Всего в тренировке было задействовано более 15 единиц спецтехники и свыше 50 специалистов - военнослужащих Учебного центра БПЛА Сил воздушной обороны ВС РК, а также сотрудников Департамента по чрезвычайным ситуациям Жамбылской области.

**Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона**

ЗАЩИЩАЛИ МИР И СПОКОЙСТВИЕ

30 ЛЕТ НАЗАД, 7 АПРЕЛЯ 1995 ГОДА, СОВЕРШИЛИ СВОЙ ПОДВИГ НА ТАДЖИКСКО-АФГАНСКОЙ ГРАНИЦЕ ВОИНЫ-КАЗАХСТАНЦЫ. МУЖЕСТВЕННО ЗАЩИЩАЯ ЮЖНЫЕ РУБЕЖИ ОТЧИЗНЫ, ГОРСТКА БОЙЦОВ ГЕРОИЧЕСКИ ПОГИБЛА, А БОЛЕЕ 30 ПОЛУЧИЛИ РАНЕНИЯ.

КАЗБАТ ПОТЕРЯЛ В ЭТОМ БОЮ 17 ВОЕННОСЛУЖАЩИХ. НАШИМ ВОЕННОСЛУЖАЩИМ, КОТОРЫЕ ПРОШЛИ ЧЕРЕЗ ГОРНИЛО БОЕВЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ТАДЖИКСКО-АФГАНСКОЙ ГРАНИЦЕ, ДО СИХ ПОР СНЯТСЯ ОБСТРЕЛЫ, КРИКИ, СТОНЫ РАНЕННЫХ, ПЛАЧ ДЕТЕЙ. СКОЛЬКО БЫ ЛЕТ НИ ПРОШЛО, ОНИ БУДУТ ПОМНИТЬ ВСЕ, ЧТО СВЯЗАНО С ГОРЯЧЕЙ ТОЧКОЙ.

группами нарушителей границы погибли более 50 казахстанских военнослужащих и более 300 ранены. Все они с честью выполнили свой священный долг перед Отечеством, в том числе ценой здоровья и даже самой жизни.

По сути, это были первые миротворцы Казахстана. Зона ответственности Казбата составляла более ста километров. Ни на минуту не давали расслабиться миротворцам афганские наркоторговцы и вооруженные формирования таджикской оппозиции. В конце 1996 года, когда мы с начальником фотостудии МО РК майором Каиром Дунбаяновым (ныне полковник в отставке) находились в командировке в этой горячей точке, постарались читателям СМИ рассказать

позади. Трудовую закладку он получил на заводе в Шымкенте, затем служил в полку связи в Группе советских войск в Германии (ГСВГ), был прапорщиком в войсках ПВО. Такие люди, как Байбосынов, цементирующая основа любого коллектива. На них можно положиться во всем, они никогда не подведут.

В Казбате были и другие офицеры, похожие на Байбосынова. Как мне потом рассказывали сослуживцы, именно решительные действия командира роты капитана Ерлана Алданазарова, заместителя командира роты по боевой подготовке старшего лейтенанта Нуржана Байбосынова, командира взвода лейтенанта Кайрата Сатпаева в том бою позволили уберечь многих от пуль боюродачей.

Огонь боевиков, спрятавшихся за валунами, превратился в огненный смерч. Старшему лейтенанту Байбосынову казалось, что голова разламывается. Переборов себя, он произвел ответные выстрелы из гранатомета. Тут же бойцы услышали уверенный голос командира роты капитана Ерлана Алданазарова: «Парни, держаться! Нам нельзя сдаваться!». Ротный, отдавая распоряжения, сам вел огонь по противнику. Истекая кровью, воины удерживали натиск противника. Смеркалку в бою проявили многие бойцы. Старшина Калмакан Бакбаев, сержант Радик Каймолдиев, младший сержант Алихан Огизбаев, рядовые Канат Едырышов, Ербол Исабаев бились до последнего. Все они удостоены ордена «Айбын» второй степени посмертно.

Особенно отличился прапорщик Болат Ахметов, пулемет которого строчил беспрерывно. Это позволило личному составу отойти от плотного огня боевиков и подготовиться к нанесению удара.

Всех потряс момент, когда загорелась машина с боеприпасами. Один из солдат, истекая кровью, решил отогнать грузовик от машин со снарядами. В критические минуты на выручку казахстанскому солдату пришел российский пограничник. Он быстро оценил ситуацию, понял, что пожар невозможно потушить, и запрыгнул в кабину грузовика. Стал выводить машину из ущелья.

Кто-то среди раненых крикнул: «Брат, горишь, бросай машину, прыгай!». Пограничник задыхался от дыма, но отогнал машину от колонны.

Бойцы продолжали отчаянно драться, купаясь в свинцовом «душе». Зенитчики, вызывая огонь на себя, не давали покоя бандитам. Зенитчики погибли, а установка продолжала работать. Место погибших заняли живые. Солдаты чувствовали локоть сослуживцев, особенно своего командира взвода Кайрата Сатпаева, который в тяжелые минуты боя оставался собранным, решительным. Этот бой для лейтенанта Сатпаева закончился тяжелым ранением и стал последним в его офицерской биографии.

Не занимать мужества было и его подчиненным. Рядовой Ержан Тлешов, несмотря на ранения в руку, плечо, потеряв много

крови, не выпускал из рук автомат. А пулеметчик Анатолий Мешков вел огонь по моджахедам, находясь в горящей автомашине. Даже раненые, преодолевая боль, набивали патронами магазины.

Сержант Радик Каймолдиев, рядовые Михаил Мартыненко и Валерий Самохвалов в бою держались вместе, выдерживая натиски «духов». Валерий вспоминал, что, видимо, суждено было остаться жить за погибших парней. Один из них — Миша Мартыненко. Валерий хорошо знал Мишу, они родом из небольшого городка Чарска, что в Восточно-Казахстанской области. Еще до армии вместе учились в одном училище. С теплотой вспоминала о Мише и других его товарищах в то время заведующая библиотекой части Лариса Водяная, которая для солдат была как мама. Она собрала для музея материалы о погибших.

Не остались в стороне и родители. Большую помощь оказала мать старшины Калмакана Бакбаева - Уркия-апа. Она в составе казахстанской делегации принимала участие в открытии монумента воинам-казахстанцам в городе Душанбе. В скромном доме Бакбаевых, что находится недалеко от Шымкента, бережно хранятся вещи Калмакана.

Подвиг солдат, ставший символом воинской доблести, живет в памяти и других родителей. Истинный солдатский характер в том страшном бою показал Канат Едырышов. Преодолевая боль от тяжелого ранения, он спрашивал: «Как наши?».

Славился добротой и Ербол Бекебаев из села Ынтылы Щучинского района Акмолинской области. Он был заботливым не только к своим сослуживцам, но и к родным и близким. Все восхищались, как он красиво поет, виртуозно играет на домбре. Теперь вот в память о нем осталась его домбра. Ветеран Вооруженных Сил подполковник в отставке Владимир Петров и сестра Аягоз посвятили свои проникновенные стихи Ерболу. А в Кындыккарагайской средней школе есть музей с уголком, посвященным герою.

Светлую память о себе оставил и Анатолий Мешков из Аягуза. Родители возлагали большие надежды на первенца. Толя помогал по хозяйству, любил природу и животных. Как и отец, увлекался футболом, плаванием, борьбой.

Неумолимо бежит время. Теперь все, что происходило на древней таджикской земле, дело давно минувших дней. Кто не был в горячей точке, не обжегся войной, тому трудно поверить, что же на самом деле произошло. Только память неподвластна времени. Ее хранят вчерашние воины Казбата, сослуживцы погибших солдат.

В честь героев открыты памятники, в воинских частях проводятся митинги, возложение венков к памятникам, обелискам, проводятся соревнования.

**Сапаргали ЖАГИПАРОВ,
Фото из архива автора и
Каира ДУНБАЯНОВА**



О героизме наших военнослужащих в те годы коротко и емко сказал первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев: «Гибель ваших сыновей и близких отзывалась острой болью в сердце каждого жителя республики. Воины казахстанского батальона мужественно охраняют таджикско-афганский участок внешней границы Содружества Независимых Государств. Жизни погибших воинов отданы за сохранение безопасности в наших государствах. Они защищали и наши с вами мир и спокойствие».

Указом Главы государства военнослужащие посмертно награждены орденами и медалями: пятеро удостоены ордена «Айбын» второй степени, а 12 – медалями. Кроме того, они были награждены российской медалью «За отличие в службе» первой степени.

Вот имена героев: Ержан Абдиев, Ержан Байгабысов, Еркин Байгабылов, Калмахан Бакбаев, Ербол Бекебаев, Бауыржан Далабаев, Жаксылык Джансугуров, Имомаддин Жуматов, Дастан Нурметов, Тахир Рахимжанов, Еркебулан Макажанов, Радик Каймолдиев, Канат Едырышов, Ербол Исабаев, Михаил Мартыненко, Анатолий Мешков, Алихан Огизбаев.

С чего же все началось? В Таджикистане в январе 1993 года главы государств СНГ подписали соглашение о совместной охране таджикско-афганской границы от бандформирований.

Следует сказать о том, что сводный казахстанский батальон, сформированный из военнослужащих Пограничной службы КНБ, Минобороны и внутренних войск МВД РК (сегодня Республиканская Национальная гвардия) на протяжении восьми лет выполнял свой воинский долг перед Родиной и союзниками. С июня 1993 по февраль 2001 года более 10 тысяч воинов-казахстанцев стояли на защите южных рубежей СНГ. В ходе боевых столкновений с вооруженными

о ситуации в горной местности Памира, о подвиге наших военнослужащих.

Подчеркну, боевики были вооружены до зубов, кроме стрелкового оружия имели гранатометы, реактивные системы залпового огня, переносные зенитно-ракетные комплексы и, конечно же, самые современные средства связи. Но это не пугало казахстанцев.

Весной 1995 года командование группы погранвойск Таджикистана приняло решение выставить специальный пограничный пост «Пшихарв», так как за рекой Пяндж, в ущельях афганского Дарваза, располагались крупные отряды незаконных вооруженных формирований таджикской оппозиции. Это был один из наиболее удобных для них участков границы, через который в Таджикистан шла переброска боевиков, оружия, боеприпасов, денежных средств, наркотиков.

7 апреля было тихо как никогда. Когда колонна машин, преодолев десятки километров, въехала в Пшихаврское ущелье и остановилась для обустройства нового боевого поста, был уже полдень. Вдруг внезапный бешеный огонь врага разбудил тишину. Выстрел из гранатомета молнией сразил водителя БТР. Головной бронетранспортер загорелся. Следом подбили командно-штабную машину с мощной радиостанцией. Автомшины не успели уйти из зоны обстрела. Колонна попала в засаду, вошла в пасть «дьяволу», а личный состав оказался в «мешке».

Мне до сих пор вспоминается встреча со старшим лейтенантом Нуржаном Байбосыновым, в то время заместителем командира роты по боевой подготовке казахстанского батальона. Смотрел Нуржан на Пшихаврское ущелье, где шло кровопролитное столкновение с моджахедами, кусая губы.

Кажется, еще недавно он, молодой офицер, принимал взвод в составе сводной роты Казбата, но сколько всего осталось



ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

АТА ЗАҢЫМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ-НЫҢ 36-БАБЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ҚОРҒАУ ОНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ БОЛЫП АЙҚЫНДАЛҒАН.

Елімізде әскери ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие.

Отан қорғаушылар қашанда отансүйгіштіктің, халқына аянбай қызмет етудің, ерлік пен батылдықтың айқын көрінісін көрсетеді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Үкімет қаулысы негіздерінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет жүргізіледі.

Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

Ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап Қазақстан аумағында көктемгі шақыру компаниясының жұмысы басталды, ол 30 маусымға дейін жалғасады.

Жергілікті әскери басқару органдары, орта білім мекемелері мен басқа да мемлекеттік органдардың жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында атқарып жатқан жұмыстарына қарамастан жылдан жылға әскер қатарында өз борышын өтеуге ниет білдірген азаматтар саны кемуде.

Бұған әртүрлі себептер әсер етуі мүмкін, яғни, бір азаматтар әскери қызметтегі тыйымдардан, шектеулерден және қатал күнделікті әскери өмірден үрейленетін болса, енді біреулері ұялы телефондармен, интернетпен және басқа да ойын-сауықпен күндерін өткізуді қалайды, ал тағы басқалары бір жыл әскери қызмет өткергенше өз уақытын тиімдірек пайдалануға ұмтылады (бизнеспен айналысу, үйлі болу, ата-анасына көмектесу, жұмысқа тұру және т.б.).

Азаматтардың себеп-сылтаулары көп, бірақ олардың басым көпшілігі әскерге шақырудан кейінге қалдыруға негіз болып табылмайды.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 36-бабында көрсетілген негіздер бойынша ғана әскерге шақырылудан босатылады (денсаулық жағдайы бойынша, жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған; туыстарының бірі әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда, ғылыми дәрежесі барлар, тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері).

Сонымен қатар, Заңның 35-бабында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды беру негіздері көрсетілген.

Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша әскери қызметтен жалтарып жүрген 1,3 мың бозбала іздестірілуде.

Әскери қызметтің мәртебесін көтеру мақсатында 2023 жылдан бастап әскерде қызмет еткен азаматтар ҰБТ нәтижелеріне қарамастан, еліміздің жоғары оқу орындарына оқуға түсе алады, ал ерекше көзге түскендерге ақысыз оқуға гранттар беріледі.

Сонымен бірге әскери қызметтен жалтарғаны үшін әкімшілік және

қылмыстық жауаптылықтар көзделгенін де атап өткім келеді.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

ӘҚБТК 647-бабына сәйкес – азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза белгіленген.

ӘҚБТК 648-бабына сәйкес – медициналық тексерілуден немесе жиындардан жалтарғаны үшін әскери міндеттілерге 5 АЕК мөлшерінде, ал әскерге

шақырылушыға ескерту жасауға не 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза белгіленген.

Әскери қызметтен жалтарғандар үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза көзделген.

**Ақмола гарнизоны
әскери прокуратурасының аға
прокуроры Әділет подполковнигі
С. Төлеужанов**

КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАРЫСЫ БАЯНДАЛДЫ

ШЫМКЕНТТЕ КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ 1 НАУРЫЗДАН БЕРІ ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР. БІРІНШІ НАУРЫЗДАН БАСТАП 18 БЕН 27 ЖАС АРАЛЫғыНДАғы АЗАМАТТАР ТҰРғылықты ЖЕРІ БОЙынША ЖЕРГІЛІКТІ ӘСКЕРИ БАСҚАРУ ОРГАНдарыНДА МЕДИЦИНАлық КОМИССИЯдан, ПСИХОЛОГИЯлық ТЕСТтерден ЖӘНЕ ЖЕКЕ Әңгімелесуден өтуде. Осы жылдың көктемінде ШЫМКЕНТтен 1000-НАН АСТАМ ЕР АЗАМАТТЫ ШАҚЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

Бірінші кезекте Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметінің, Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері, содан кейін – Қарулы Күштердің, Төтенше жағдайлар министрлігінің және Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының әскери бөлімдері жасақталады.

Бүгінгінің өзінде мегаполистен 130-ға жуық ер азамат конституциялық борышын орындау үшін Шекара қызметіне аттанған. Олардың барлығы шақыру комиссиясының отырысынан өтіп, «әскерге жарамды» деген шешім алған.

Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев атап өткендей, әскерге шақыруды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, ал шақыру комиссиясын Шымкент қаласы әкімінің орынбасары басқарады.

– Шақыру науқаны бекітілген жоспар бойынша өтеді. Азаматтар медициналық тексеру нәтижесіне, кәсіби-психологиялық іріктеуіне және денсаулық жағдайы мен дайындық деңгейіне байланысты әскерлерге бөлінеді. Сонымен қатар, заңнамалық деңгейде азаматтық және әскери

жоғары оқу орындарына түсу бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Қызмет аяқталғаннан кейін жастар қосымша артықшылықтарға, соның ішінде білім беру гранттарына ие бола алады, - деді департамент бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев.

Сонымен қатар, брифинг барысында полковник Әбдіғабит Шегебаев өткен жылдың қорытындысын шығарды, оған сүйенсек, 2024 жылы еліміздің мегаполисінен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға 2000-нан астам адам жіберілді.

– Өткен жылғы әскерге шақыру жоспары жүз пайыздан аса орындалды. Әскери қызметшілерге келесі әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған:

Қызмет барысында және запасқа шыққаннан кейін 60 күнге дейін несиелік демалыс;

ҰБТ тапсырмай, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігі;

Жұмысшы мамандықтары бойынша мемлекеттік куәлік алу; Запасқа шыққаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі, - деп атап өтті полковник Әбдіғабит Шегебаев.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы әскерге шақыру жасындағы азаматтарға әскери қызмет

әрбір жігіттің заңымен белгіленген міндеті екенін тағы да еске салды.

– Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес, дәлелсіз себептермен келмегені үшін айыппұлдар, ал медициналық куәландырудан жалтарғаны үшін ескерту немесе айыппұл қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілік заңды негіздер болмаған кезде қызметтен жалтарған жағдайда туындайды, бұл айыппұлдарға, түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға немесе тіпті бас бостандығынан айыруға әкелуі мүмкін, - деп толықтырды ол.

Сондай-ақ, брифинг барысында сөз алған, «Қарулы Күштер арлагерлері» РҚБ Шымкент қаласы бойынша филиалының төрағасы оставкадағы полковник Серікбай Онбаев, қалада жұмыс істейтін әскери-патриоттық клубтардың қабырғасында арнайы орта білімі бар және оқудан және шынықтырудан өткен әскерге шақырылушылар санының артқаны атап өтілді. Атап айтқанда, тек өткен жылғы екі әскерге шақыру науқанында 400-ден астам орта білімі бар азаматтар әскерге кетті.

– Қаламыздан әскерге шақырып жатқан ер азаматтарға айтарым, бүгінгі әскерде балаларымызға көп жақсы жағдайлар жасалған. Солардың ішінде сарбаз мектебін көргендерге келесі қамтамасыз етулермен қамтылады: тамақтану; киім-кешек; жеке бас гигиенасы құралдары; ай сайынғы ақшалай төлем; медициналық қызмет; пошталық жөнелтулерге жәрдемақы. Сонымен қатар, орта-техникалық немесе жоғары білім бар әскери қызметшілер 6 ай қызмет өткергеннен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқылы, - деп атап өтті Серікбай Онбаев.

Шымкентте шақыру науқаны 30 маусымға дейін жалғасады және барлық іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң түрде өткізіледі. Шақыру қағаздары әскерге шақырылушыларға тұрғылықты немесе жұмыс орны бойынша, сондай-ақ 1414 сервисінен SMS-хабарламалар арқылы жеткізіледі. Қызметті кейінге қалдыруды немесе босатуды жергілікті атқарушы органдар арқылы не электрондық үкімет порталында ресімдеуге болады.

Кейінге қалдыру процесі толығымен автоматтандырылған. Бұрын қағаз анықтамаларды ұсыну талап етілсе, енді студенттер туралы мәліметтер Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесіне тікелей Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің базаларынан беріледі. Шетелде оқитын азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы студенттер ретінде тіркеле алады.



САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

ҚАЛАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ЖИЫНАҚ БЕКЕТІНДЕ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШАҚЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ СОҒҒЫ КОМАНДАСЫН САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРЫП САЛУ РӘСІМІ ӨТТІ.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласының жергілікті әскери басқару органдары Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелерін жасақтауды аяқтауда. Шымкенттен әскерге шақырылған соңғы 32 азамат мемлекеттік шекарада әскери борышын өтеу үшін Алматы қаласына аттанады.

Шараға Шымкент қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Әсет Әбдіраханов, Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев, Қарулы Күштердің құрметті ардагерлері, сондай-ақ қала мектептерінің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныптарының оқушылары қатысты.

Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Әбдіғабит Шегебаев әскер қатарына жаңадан қабылданғандарды өмірлеріндегі маңызды кезеңнің басталуымен құттықтап, әскери мамандықтарын меңгерулеріне сәттілік тіледі.

– Осы командамен бірге қаламыздан Шекара қызметіне 150-ден астам адам шақырылды. Бүгін біз Шекара қызметінің бөлімшелерін жасақтау жұмыстарын аяқтап жатырмыз, жақын күндері Қарулы Күштер қатарына шақыру басталады, оған 18 бен 27 жас аралығындағы 500-ге жуық шымкенттік аттанады. Бір жылға ғана созылатын мерзімді қызмет, елең еткізбей ұшатын әскери борышын өтеуге қолайлы жағдай жасалған. Қызметін аяқтағаннан кейін әрбір сарбаз еліміздің жоғары оқу орындарына тегін оқуға түсуге немесе келісімшартқа отырып, кәсіби әскери қызметші ретінде қызметін жалғастыруға

мүмкіндік алады, - деп атап өтті полковник Әбдіғабит Шегебаев.

Шымкент қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары Әсет Әбдіраханов әскери қызмет әрбір азаматтың қасиетті борышы ғана емес, әр отбасының қауіпсіздігінің кепілі екеніне тоқталды.

– Сарбаз атанып, қолына қару алу, әскери борышын өтеу – әрбір ер азамат үшін үлкен мәртебе. Ата-бабаларымыз кең байтақ жерімізді қасық қаны қалғанша қорғап, бізге аманат етіп қалдырды. Олардың мұрасына лайық болу – әр ұрпақтың перзенттік парызы. Сіздердің еліңізге абыроймен қызмет ететін



ержүректі жауынгер болатындарыңызға сенімдіміз. Сізге сәт-сапар тілейміз! Міндетіңізді абыроймен атқарып, үйлеріңізге батыр азамат болып оралыңыз! - деді Әсет Әбдіраханов.

Қоштасу сөзіне қалалық «Қарулы



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

ҚАЗАҚСТАН ПРОКУРАТУРА ЗАҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЖЕТЕКШІ ОРЫН АЛЫП, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАН РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРДЫ.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ оны қадағалаудың негізгі бағыттарының бірі азаматтардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарда және басқа да құқықтық актілерде азаматтардың міндеттерін орындау кезіндегі құқықтары, бостандықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленіп, оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері айқындалған.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына

Жолдауында прокуратураның қадағалауын азаматтардың мәселелерін тиімді шешуге қайта бағдарлауды тапсырды.

Осыған байланысты азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы қадағалауды күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар қабылданды.

2022 жылдың 5 қарашасында мемлекет Президенті «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды.

Прокуратура органдары ерекшелігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 2-тармағынан туындайды, оған сәйкес прокуратура өз өкілеттіктерін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және тек Республика Президентіне есеп береді.

Мәселен, Негізгі заң нормаларын, заңнамалық актілерді және Республика Президентінің актілерін бұзуды анықтау және жою шараларын қабылдау арқылы, прокуратура сол арқылы негізгі элемент ретінде Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің заңдылығын, азаматтық, әкімшілік және атқарушылық



іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырған кезде прокурор әртүрлі сатыдағы құқық қолдану, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметінде, сот процесінде азамат пен адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде, Ақмола гарнизонының әскери прокуратурасы өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, проблемалық мәселелерге және әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғауға ерекше назар аударады.

Бұл ретте, Ақмола гарнизонының әскери прокуратурасы әскери қызметшілердің, оның ішінде әскери қызметтен босатылған

тұлғалардың заңды құқықтарын қорғауға қатысты белсенді жұмыс жүргізуде.

Нақтырақ айтқанда, әскери прокуратураның енгізген қадағалау актілері бойынша 50 млн теңгеден аса ақшалай жәрдемақыларды, тұрғын үй өтемақыларды және зейнетақы төлемдерін төлеу арқылы көптеген әскери қызметшілердің құқықтары қорғалып, осындай заңсыздыққа жол берген кінәлі тұлғалар тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Одан бөлек, мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мәселелері прокуратураның үнемі бақылауында. Бастамашылдық талдаудың нәтижелері бойынша 417 азаматтың әскери билеттерді алу құқығы қалпына келтірілді, әкімдіктің басшысы тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Басқа жағдай, прокурорлық қадағалау актісімен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету бойынша әскери қызметшінің құқықтары қорғалып, дербес деректерді сақтау, есепке алу және жоюдың белгілі бір тәртібісіз бұзылған мерзімді әскери қызметшілердің конституциялық құқықтары қайта қалпына келтірілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау әскери прокуратура органдарының күнделікті қызметіндегі маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

Қорытындылай келгенде, еліміздің құқықтық мемлекет құру мақсатына жетудің бірден-бір асуы, Республикамызда адам мен азаматтардың құқықтары қол жетпес қазынаға айналуы қажет.

Ақмола гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры Бақытжан Нұрмаханбетов

ПСИХОЛОГТАР ЖИЫНЫ

**ҚР ҚК ҰЛТТЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТ-
ТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ СЕМЕЙ ФИЛИА-
ЛЫНДА «ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАС-
ШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕРІ
МЕН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ОФИЦЕР-
ЛЕРІНІҢ (ПСИХОЛОГТАРЫНЫҢ) ҚА-
ТЫСУЫМЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИЫН
БОЛДЫ.**

Қатысушыларға жиынның мақсаты түсіндірілген соң, әскери қызметшілердің өз функционалдық міндеттерін білуі мен жетекші құжаттардың талаптарына қатысты лездеме өткізілді. «Әскери қызметшілердің психикалық денсаулығын сақтау жөніндегі психологиялық жұмыс» тақырыбындағы дәрісті подполковник Гүлнұр Капселенова жүргізді. Басқосуда практикалық жұмыс дағдылары да меңгерілді. Мәселен, 36803 әскери бөлімінің аға офицері (психологы) капитан Анастасия Сакович социометриялық пирамиданы қолдану арқылы құрылым командирінің ұсынысын тұжырымдау, социометриялық зерттеу жүргізу барысына тоқталса, «Линейка» жүйесі бойынша психогендік шығынды есептеу әдістемесін капитан Дархан Орынғожин іс жүзінде көрсетті. Аға лейтенант Диана Аязованың

практикалық сабағы «Танысу, бірігу және топтың жұмыс қабілеттілігін ашуға бағытталған тренингке оқыту. Тренинг жоспарын құрудың дұрыстығы, тренинг қатысушыларымен кері байланыс» туралы болды. Сондай-ақ, «Психологиялық жеңілдік бөлмесінің жұмысын ұйымдастыру, психокоррекциялық сеанстың ұзақтығы, қайта келу, психологиялық жеңілдік бөлмесінің үлгісінде бөлмелерді жабдықтау» тақырыбындағы дәрісті майор Алия Лакова өткізді. Жеке құрамды зерттеу әдістері мен жаңа әртүрлі психодиагностикалық құралдар жинағының презентациясын Хеллингер тәсілімен ұйымдастырушы-жүргізуші, азаматтық персонал Татьяна Федорова таныстырды. Әскери-қолданбалы психология саласында психологиялық қызмет мамандарының қазіргі білімін бағалау, мерзімді әскери қызметшілердің әскери ортаға бейімделуіне жақсы ықпал ететін жайттарды талқылау әрі жаңа диагностикалық, профилактикалық және креативтік әдістерді күнделікті қолдануға оқытуды көздеген жиында жеке құраммен психологиялық жұмыс жүргізудің жаңа әдістері мен тәсілдері де талқыланды. Бейнебайланыс арқылы қатысқан өзге гар-



низондардың офицер-психологтары да өз тәжірибелерімен бөлісті. Жиынды «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысы басқармасы тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының бағыт аға офицері подпол-

ковник Асель Қасымжанова түйіндеді.

Алуа ИСКАКОВА
Суретті түсірген автор



ЖОЛДАМАМЕН ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА КЕТТІ

**«ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАС-
ШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ-
ШІЛЕРІ МЕН АЗАМАТТЫҚ ПЕРСОНАЛ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАЛАЛАРЫ ҚО-**

**НАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «БАЛДӘУРЕН»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ
ОРТАЛЫҒЫНА ЖОЛ ТАРТТЫ.**

Қолында жолдамасы бар 28 балаға Семейдің теміржол вокзалында тағы бір мәрте қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық жүргізілді. Оқуды да оқып, денсаулықты да сауықтыратын мүмкіндікті дұрыс пайдалану керектігі түсіндірілді. Балалар екі тілдегі оқу бағдарламасынан бөлек, бос уақытты тиімді өткізу мақсатында сан түрлі спорттық, шығармашылық шараларға және үйірмелерге қатысады. Үш апталық оқу бағдарламасының жоспары әскери істің негіздерін зерделеуге арналған тәжірибелік сабақтарды да қамтиды. Яғни, лагерьде әскерге шақырылған дейінгі жас жеткіншектер әскери-патриоттық дайындықтан өтеді. «Өз басым «Балдәуренге» демалуға бара жатырмын. Маған табиғаттың аясында болу, Қазақстанымыздың түкпір-түкпірімен танысу қатты ұнайды. Әкем әскери қызметші, анам мұғалім болғандықтан шығар, жақсы тәрбие алдым деп есептеймін. Менің ойымша, әр қазақтың баласы өз Отанын тануы, өзі туып-өскен өлкенің тарихын жақсы білуі тиіс. Көп саяхаттауы да керек», - деді №11 орта мектептің оқушысы Мұрат Алдияр. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің жетекшісі Ақмарал Ахметжанованың айтуынша, былтыр «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерилері мен азамат персонал қыйызметкерлерінің балалары әскери ұшақта

жеткізілсе, биыл арнайы вагон бөлінді. Өңірлік қолбасшылықтан жыл басынан бері осымен төртінші мәрте ұл-қыздарымыз демалысқа бара жатыр. Қазан айына дейін әлі төрт легі жіберіледі. Еліміз Қорғаныс министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі арасындағы жас ұрпақты әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу және балалар мен оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру жайында ынтымақтастық меморандумына сәйкес, балалар мен оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру бағытында бірлескен жоспар негізінде бұл жұмыс жүргізілуде. 2024 жылы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының филиалдарында әскери қызметшілердің отбасыларынан 1082 бала демалса, оның 179-ы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығынан. Құрлық әскерлеріне қарасты әскери бөлімдерде қызмет ететін әскери қызметшілердің отбасыларынан 157 бала Балқаш пен Қонаев қалаларындағы филиалдарда болды. «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының филиалдарына демалуға баратын балаларды іріктеу кезінде ең алдымен шалғай гарнизондардағы әскери бөлімдерде әскери қызмет ететін әскери қызметшілердің, көпбалалы отбасылардың, толық емес отбасылардың балаларына және денсаулығын қалыпқа келтіру ниетінде мүмкіндігі шектеулі ерекше балаларға басымдық беріледі.

ҮСТЕЛ ОЙЫНЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

**ӨТКЕН АПТАДА ҚАРАҒАНДЫ ОБ-
ЛЫСЫНЫҢ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА
АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ОЙ-
ЫНЫНЫҢ ШАХМАТ ПЕН ДОЙБЫ ТҮР-
ЛЕРІНЕН ЖАРЫС ӨТТІ.**

Приозерск қаласындағы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Амина Башимова мен қалалық спорт бөлімінің басшысы Нұртай Стамқұлдың ұйымдастыруымен өткізілген осы үстел ойынының жарысына әртүрлі сала қызмет түрлерінен зейнеткерлікке шыққан ардагерлер арнайы шақырылған болатын. Жарыстың дойбы ойыны түріне Қарулы Күштердің ардагерлері атынан Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұйымының төрағасы Тілек Кен-

жебеков қатысқан болатын. Бес кезеңге бөлінген дойбы ойыны сайысында қарсыластарының барлығына еш мүмкіндік қалдырмаған ардагер аға Тілек Алшымбекұлы жеңіске жетіп, жүлделі бірінші орынды ұтып алды. Жеңістің биік тұғырына көтерілген Т.А.Кенжебековке мақтау қағазы мен арнайы тағайындалған жеңімпаз кубогы табыс етілді. Еліміздегі өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру ісінде жарқын істерімен үлгі танылып жүрген ардагер аға Тілек Алшымбекұлының әлі талай биік шыңдарды бағындыра беретініне сенімдіміз!

**Приозерск гарнизонының баспасөз
хатшысы Думан ЖҰМАШҰЛЫ**



ОБЛЫСТЫҚ «АЙБЫН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ

2025 ЖЫЛДЫҢ 10-11 СӘУІРІ КҮНДЕРІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА «ЖАС САРБАЗ» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ КЛУБТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ АРАСЫНДА «АЙБЫН» ОБЛЫСТЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ ӨТТІ.

Жиын мақсаты – жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, азаматтық сана қалыптастыру, әскери қызметті насихаттау және ҚР Қарулы Күштерінің беделін арттыру.

Жиынға 150 жас сарбаз қатысуда,

олар – әр ауданнан 10 ұл мен 5 қыздан құралған үздік командалар.

Командалар өз күшін:

- шығармашылық байқауларда,
- робототехникада,

- әскери-спорттық және қолданбалы спорт түрлерінде сынады.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтарының 150 тәрбиеленушісі қатысқан байқауда «үздік» деп танылған команда 22-28 маусымда Ақтөбе қаласында өтетін халықаралық «Айбын-2025» әскери-патриоттық жиынында Жетісу облысының намысын қорғайтын болады.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ҚАСИЕТІ

ЖАУЫНГЕРЛІК ҚАСИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ РӨЛІ ЗОР. БІРІНШІДЕН, ОСЫ ҚАСИЕТТІҢ АРҚАСЫНДА АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ЕЛІМІЗДІ ҚОРҒАП ҚАЛДЫ, ЕКІНШІДЕН, ҰРПАҚТАРЫНА, Яғни, БІЗГЕ АСТЫ МЕН ҮСТІ БАЙЛЫҚҚА ТОЛЫ КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРДІ ҚАЛДЫРЫП КЕТТІ.

Қазақ халқының жауынгерлік қасиеті өте жоғары болған. Мұны мен былайша дәлелдеп көрейін: көптеген елдерде халқының 40-тан, 50-ден, тіпті кейбірінде 100-ден бірі ғана жауынгер болса, ал біздің елдегі халықтың 4-тен бірі жауынгер болған. Менің ойымша, жауынгерліктің ең үлкен дәйегі де, дәлелі де осы болса керек.

Мемлекет	Билеушісі	Халқының саны	Әскерінің саны	Халыққа шаққандағы әскер пайызы
Қазақ хандығы	Қасым хан	1.200 мың	300 мың	25
Осман империясы	Сұлтан Явуз	15 млн	300 мың	2
Орыс патшалығы	Василий III	5 млн	100 мың	2
Испания	Хуана I	10 млн	100 мың	1
Франция	Франциск I	15 млн	100 мың	0.75
Венгрия	Янош	4 млн	40 мың	1
Иран	Исмайл I	4 млн	100 мың	2.5
Виджаянагар	Криш Дева Райй	25 млн	500 мың	2
Мин империясы	Чжу Хоучжао	125 млн	1.200 мың	0.96

Енді деректі кестеге кезек берейін.

Сөз соңында айтарым, бізге осыншама байтақ даланы бабаларымыздың жауынгерлік қасиетінің арқасында қалдырған. Соның қадір-қасиетін қашанда білгеніміз абзал.

Серікұл ШЫМЫРОВ,
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, А.Тұяқбаев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ ТРАДИЦИИ

НА ВОЕННОЙ КАФЕДРЕ НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ СЕМЕЙ» СОСТОЯЛОСЬ ПРАЗДНИЧНОЕ МЕРОПРИЯТИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ НАУРЫЗ-МЕЙРАМЫ.

Наурызнама призвана охватить все сферы жизни общества – от благотворительности и культурных мероприятий до национальных традиций и экологических акций.

- Этот праздник имеет особое значение, поскольку совпал с месяцем Рамадан, что добавило ему еще большей духовности и торжественности. В этот день также провели Ауызашар – важную традицию, символизирующую единство и гостеприимство. Мероприятие прошло в теплой и радостной атмосфере. Студенты проявили себя с наилучшей стороны, демонстрируя не только свои таланты, но и глубокое уважение к национальным традициям и старшим, - сказал начальник военной кафедры полковник медицинской службы Шыңғыс Орынбасаров.

Также на празднике присутствовали представители деканата, поддерживая инициативу студентов.

- Наша группа 4114 тоже участвовала

в этом мероприятии, внеся свой вклад в праздничную атмосферу. Особенно запомнилось выступление нашего студента Есмагамбетова Алихана, который сыграл прекрасное терме на кобызе, - поделилась впечатлениями студентка Данагуль Утепова.

Кроме того, были показаны театрализованные сценки, посвященные казахским традициям, таким как Ерулік и Аркантартас. Эти постановки позволили глубже прочувствовать культурное наследие казахского народа.

- Наурыз на военной кафедре стал не просто праздником, а настоящим напоминанием о важности традиций, уважения к предкам и единства среди студентов. Данная кураторская работа со студентами - это цель устойчивого развития нашего университета, - подчеркнул начальник цикла военной кафедры полковник запаса Ринат Мамыканов.

Заключительный день Наурызнамы 23 марта - День очищения. В этот день по всему Казахстану проходили общенациональные экологические акции, в которых также приняли участие студенты военной кафедры НАО «Медицинский университет Семей».

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ ЕТЕМІЗ!

Түсінбейтін әлемде, қылтып топ пен тобырлар,
Дүрбелеңді туғызды, мазалап елді құрғырлар.
Бауырлас қырғыз еліне, құрсаудай қаруланған топ,
ТМД-ны тұрғызды, Баткенге өтіп содырлар.

Ауғаннан бастау алғандар, Тәжіктен Қырғыз өтеді.
Сұмдықтың суық хабары достастық елге жетеді.
Ғұлама дана сөзіндей, тұр-тұрдан хабар келген соң.
Тып-тыныш жатқан елдерде ұйқыдан маза кетеді.

Тәуелсіз мемлекеттердің достықпен тасып айбары
Жұдырық болған жұмылып, саңылау берсе, қай маңы
Мың тоғыз тоқсан үштен біз Тәжікстан елінің,
Біріге жүріп қорғадық, оңтүстік қауіпті аймағын.

Бекініс мығым қашанда, қолдаушылары мол елдің
Мазасы кетіп азады, ауызбірлігі жоқ елдің.
Шет жақта жүріп күзеттік, тынысын туған өлкенің
Саяси тұрақтандырып, шекарасында сол елдің.

Бадахшан таулы аймағы, Киврон, Джавай шатқалы,
Калайхумб деген ауданы, Памирден атқан ақ таңы.
Бачалардың есінен кетпейді ешуақ сеземін,
Бес өзен құйып арнаға, Пяндж деп ағын жатқаны.

Хорогтың маңы әупірім, Сохчарв деген қыстағы,
Жаяулар жерді күзетсе, әуеден қарап ұшағы.
Пшихавр шатқалы моджахедтермен шайқаста,
Ерлік күн ерлер жасаған, қалмайды естен тысқары

Жаужүректерім қорғады, шет жақта жүріп Отанын,
Еске алған сайын туыстар, мұңаяды-ау деп қорқамын.
Бейбіт күнде қазіргі, қырғынды бастан өткерген,
Өшпейді аты ешқашан, жетінші даңқты ротаның!

Он жеті жауынгеріміз бақилық болып аттанды,
Отыздан аса жаралы, қалғанын Құдай сақтады.
Отанды қорғау жолында өмірін қиған боздақтың,
Жазылды алтын әріппен тарихта мәңгі аттары!

Тәжікке бардың күзетке, жырақта ауыл, елдерің,
Жайылмақ болған содырға, бекініс болып көнбедің.
Тыныштық үшін шет жақта, жандарын қиған басқа да,
Шынайы тағзым етеміз, айбатты жауынгерлерім!
Әдеттегі өмір күн батып, бозарып тандар атқандай,
Тірілер отыр ойға алып, періштелері қаққандай.
Жұмақтан болсын төрлері, иманды болып өздері,
Еске алған сайын батырлар, бір аунап түсіп жатқандай!

Мәңгілік емес еш пенде, біздер де бір күн өтеміз,
«Ер ісі елдің есінде», айтпаймыз бұлай текке біз.
Өскелең елде ұрпақ бар, ерлердің ісін жалғайтын,
«Отанды қорға қырағы!» дегенді міндет етеміз!

Рухымыз биік халықпыз, кетпеген жауға есеміз,
Ұрынғандарды өшірдік, есінде болса кеше біз.
«Ерліктің өшпес үлгісі» өсиет болсын ұрпаққа,
Ержүректерді еске алып, ерлікке тағзым етеміз!

Запастағы подполковник Марат ТУРАБАЕВ,
ҚР ҚМ зейнеткері, Тәжік-Ауған шекарасындағы
жауынгерлік іс-қимылдарының ардагері

ҒАСЫР ЖАСАҒАН АРДАГЕР

ҚАРАҒАНДЫДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ ГРИГОРИЙ ПЕТРОВИЧ СТЕПЕНКОНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ. ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАУ ҮШІН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ, ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ, ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ ЖАУЫНГЕРЛЕР, СОНДАЙ-АҚ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІ МЕН КОЛЛЕДЖДЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ЖИНАЛДЫ.

Іс-шара барысында Григорий Петрович жылы лебізін білдіріп, құттықтау сөзін Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов арнады. Ол Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің атынан ардагерге арнайы құттықтау хатын табыстады.

– Сіздей жанмен бір сахнада тұру – біз үшін үлкен мәртебе. Сіздің ерлігіңіз – бұл тарих әрі ұрпаққа үлгі болар нағыз батырлық. Сіз еркіндікті өз өміріңіз бен денсаулығыңызды бәсекеге тігіп қорғадыңыз. Шын жүректен



сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және жан жылуын тілеймін, - деді Қорғаныс істері жөніндегі де-

партамент бастығының орынбасары подполковник Еркебұлан Мұстағұлов.

Салтанатты кеш аясында мерекелік концерт ұйымдастырылып, ардагерге жүрекжарды алғыс сөздер, бейбітшілік пен амандыққа негізделген тілектер айтылды. Қатысушылар Григорий Петровичке гүл шоқтары мен естелік сыйлықтарын табыстап, оның ерлігіне деген ризашылықтарын білдірді. Өз кезегінде арда-

бликасын қорғаңыздар. Өмірде абыроймен жүріп, тарих пен бейбітшілік жолында жанын қиғандарды ұмытпаңыздар. Тек осылай ғана біз үлкен құрбандықпен келген тыныштықты сақтай аламыз, - дейді Ұлы Отан соғысының ардагі Григорий Степенко.

Григорий Петровичтің мерейтойы – бүкіл халықтың шынайы құрметі мен жеңімпаздар ұрпағына деген терең тағзымының көрінісі болды. Григорий Степенко 1925 жылдың 10 сәуірінде Воронеж облысының Нижние Ровинки ауылында дүниеге келген. 1943 жылы Павлодар облысы Лозов аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Алғашқы ұрыстық тәжірибесін 2-Украин майданында пулеметші ретінде бастады. Ол Курск-Орел шайқасына, Белгород, Орел, Харьков, Курск, Кенигсберг және Варшава қалаларын азат етуге қатысқан. Днепр өзенін кешіп өтіп, шайқас кезінде жарақат алған. Сонымен қатар, Забайкалье майданының 39-армиясына қарасты 19-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының 56-гвардиялық атқыштар полкі құрамында Жапония әскерін талқандауға қатысты. Көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін: II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, II дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медальдарымен және көптеген мерейтойлық марапаттармен наградталған. 1951 жылы еңбек жолын жалғастыру мақсатында Қарағандыға жолдамамен келіп, «Шахтострой» басқармасына қарасты цемент зауытында еңбек етті.

гер жастарға арнап ақ тілегін жеткізді.

– Өздеріңізді және біздің Қазақстан Респу-

ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚҚА ТОЛЫ ЖҮЗ ЖЫЛ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ МАРИЯ ШИНКЕВИЧ 100 ЖАСҚА ТОЛДЫ. ОСЫ АЙТУЛЫ КҮНДЕ ОНЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ МЕН «ЖАС САРБАЗ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖАС ПАТРИОТТАРЫ АРНАЙЫ ҚҰТТЫҚТАП БАРДЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ АТЫНАН АРДАГЕРГЕ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫ ТАБЫСТАЛЫП, ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН БАҒА ЖЕТПЕС ҮЛЕСІ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРІЛДІ.

– Мені ешқашан ұмытпай, еске алып отырғандарыңызға рахмет. Жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп барады, сондықтан осындай кездесулер мен үшін аса

қымбат. Жастардың тарихқа құрметпен қарап, қызығушылық танытып, сұрақтар қойып жатқанына қуаныштымын. Көрсетіп жатқан ықыластарыңыз бен жылы сөздеріңізге алғыс айтамын, - деді ыстық ықыластар мен құттықтауларды қабылдаған Мария Ефимовна.

Мерейтой күні ардагердің үйі гүлге, күлкіге, мейірімді сөздерге толды. Туған-туыстары, көршілері, қоғам өкілдері – бәрі де құрмет пен алғыс білдіруге асықты. «Жас сарбаз» қозғалысының жас қатысушылары Мария Ефимовнаның соғыс жылдарындағы естеліктерін ерекше толқыныспен тыңдады. Олар үшін бұл жай ғана тарих емес, тірі аңызбен жүздесу еді.

– Біз ардагерлерді көзі тірісінде көріп, тілдесе алатын мүмкіндікке ие болғанымызды үлкен мақтанышпен айтамыз. Бұл – баға жетпес тәжірибе. Мария Ефимовнаға және барша



ардагерлерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Біз үшін жасаған ерліктеріңіз үшін алғысым шексіз, - дейді «Жас сарбаз» тәрбиеленушісі Құндыз Ануар.

Бүгінгі күні Қарағанды облысында Ұлы Отан соғысының сегіз ардагері өмір сүруде. Олар 7 мамыр күні Астанада өтетін Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысуға дайындалуда. Мария Ефимовна сияқты жандар барда – халықтың ерлігі мен рухы да, тарихы да тірі. Олардың өмірі мен өнегесі жаңа буынды Отанды сүюге, ел мен жерге адал болуға шабыттандырады. Мария Ефимовна 1925 жылдың 13 сәуірінде Қарағанды облысындағы Ростовка ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген әйелдер секілді ол да Отан қорғауға аттанды. 1944 жылы Осакаров аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылып, Мәскеу қаласындағы Әйелдерге арналған снайперлік мектепке

оқуға жіберілді. Ол 1945 жылдың тамызына дейін снайпер ретінде 3-Балтық және Украина майдандарында, 199-армия қосалқы атқыштар полкі, Орман Қызыл Ту орденді, II дәрежелі Суворов орденді 220-атқыштар дивизиясы құрамында шайқасты. Жеңісті Прагада қарсы алды. Мария Ефимовна II дәрежелі Отан соғысы орденімен, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен, «Германияны жеңгені үшін», «Г.К. Жуков», «Украинаны азат еткені үшін» медальдарымен, «Соғыс ардагері» төсбелгісімен және көптеген алғыс хаттар, грамоталармен марапатталған. Соғыс оның тағдырында терең із қалдырса да, Мария Ефимовна табандылығы мен ерік-жігерінің арқасында бейбіт өмірде елге қызмет етуді жалғастырды. Ол өмір бойы жас ұрпаққа үлгі болып, бейбітшілікті, сүйіспеншілікті, адамгершілікті қадірлеуді үйретіп келеді.



Республикалық
әскери-құқықтық газет



Республиканская
военно-правовая газета
Издается
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Заведующий отделом

Тимур АУБАКИРОВ

Заместитель директора
по печатным СМИ
Тимур КУБЕКОВ

Заведующий отделом

Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Корреспонденты:

Нариман ДЮСЕНОВ
Рима ӘБЕУОВА
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректоры:

Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:

Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери зәңгер»
общественного объединения
«Альянс военных юристов»
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в
Министерстве информации и коммуникаций
Республики Казахстан
Свидетельство № 16213-Г.



Мнения авторов не всегда
выражают точку
зрения редакции. Рукописи и фотографии не
рецензируются и не возвращаются.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,
Бостандықский район,
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63
E-mail: info@sarbaz.kz
Газета издается в типографии
АО «Алматы-Болашақ», г. Алматы,
ул. С. Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687
Тираж 126
Номер заказа №4